

Халықаралық "ТАИМ" қаржы корпорациясы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қараша 1992 ж. N 1010

Экономикалық реформа жүргізу кезеңіндегі Халықаралық "ТАИМ" қаржы корпорациясының мақсаттары мен міндеттерінің әлеуметтік бағытын ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықаралық "ТАИМ" қаржы корпорациясын құру мен оның қызметінің негізгі бағыттары мақұлданды.

Аталған корпорацияның қызметі өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі өтеу принципіне мемлекеттің қаржы қаражатын тартусыз жүзеге асырылады.

2. Халықаралық "ТАИМ" қаржы корпорациясының құрамында

"ТАИМ-Банк" акционерлік банкінің негізінде белгіленген тәртіппен құрылған Қазақстанның әлеуметтік даму Халықаралық қоры мен Халықаралық "ҚазТАИМ-Банк" қазақстандық банкінің жұмыс істейтіні еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері әлеуметтік, сыртқы экономикалық, ғылыми-техникалық және инвестициялық корпорациясына жәрдем және практикалық көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары